

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жаңа кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 687 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2009 жылғы 23 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жаңа кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 4 ш і л д е д е г і  
№ 6 8 7 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жаңа кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум**

Осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жаңа кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум (бұдан әрі – Меморандум) Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) пен Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) бөлімшесі – Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (бұдан әрі – БҰҰДБ) арасында жасалды. Үкімет пен БҰҰДБ бұдан әрі Тараптар деп аталады.

БҰҰДБ көбіне БҰҰ-ның ел деңгейінде жұмыс істейтін өкілдігі болып табылатынын және көптеген елдерде әріптестер мен орнықты дамуды қолдау, кедейшілікті азайту, әйелдерді ілгерілету, демократиялық басқару және заңның үстемдігі үшін жұмыс істейтінін назарға ала отырып;

Қазақстан Республикасы мен БҰҰДБ арасындағы 15 жыл бойы дерлік жалғасып келе жатқан, 1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰДБ

арасындағы келісімге негізделген және орныққан әріптестік пен стратегиялық диалогты  
н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;

Үкімет пен БҰҰДБ даму, қазіргі сұраныс негізіндегі қызмет, әріптестік рухында  
түпкілікті нәтижеге бағытталу мақсатында ынтымақтастық нәтижелеріне ұлттық  
меншік құқығының тұжырымдамасын негіз қалаушы қағидат ретінде қабылдағанын  
е с к е р е о т ы р ы п ;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) БҰҰДБ  
Қазақстанда өз қызметін жүзеге асырған кезде БҰҰДБ-ның негізгі әріптесі болып  
табылатын, ал Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
министрлігі (бұдан әрі – ЭБЖМ) мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың,  
оның ішінде Қазақстанның халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастығы  
мәселелері бойынша негізгі бағыттарын әзірлеуді үйлестіріп отырған кезде;

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асырудың және бұдан  
былай сыртқы гранттық көмекті дәстүрлі түрде алушы ел болып табылмайтын, ал оның  
ынтымақтастықтағы қажеттіліктері мәні мен мазмұны жағынан өзгерген ұлттық  
дамудың жаңа кезеңіне енудің басталғанына он жыл толуын Қазақстан атап өтіп  
о т ы р ғ а н к е з д е ;

бірлескен іс-қимылды одан әрі шоғырландыру және әріптестікті кеңейту  
мақсатында Тараптар төмендегілер туралы келісті.

## **1-бап**

### **Ынтымақтастықты ұйымдастыру және үйлестіру тетіктері**

1. Үкімет пен БҰҰДБ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
орынбасарының басшылығымен Стратегиялық консультациялық кеңес (бұдан әрі -  
Кеңес) құрады. Кеңестің құрамына ЭБЖМ-нің, СІМ-нің, БҰҰДБ-ның және Қазақстан  
Республикасы Қаржы министрлігінің (бұдан әрі - Қаржымині) өкілдері кіреді.  
Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органдарының өкілдері БҰҰДБ мен  
Қазақстан арасындағы ынтымақтастық бағыттары мен жобалары туралы енгізілетін  
ұсыныстарды (бұдан әрі - жобалық ұсыныстар) ескере отырып, Кеңестің жұмысына  
қатысуға шақырылуы мүмкін. Жобалық ұсыныстарды зерделеу, әзірлеуге және іске  
асыруға арналған басым жобалардың тізімін айқындау, сондай-ақ ынтымақтастық  
нәтижелерін жыл сайын бағалау үшін кезеңді негізде жылына кемінде екі рет кездесіп  
т ұ р а т ы н б о л а д ы .

2. Жобалық ұсыныстарды қараудың қорытындысы бойынша Кеңес әзірлеуге және  
іске асыруға ұсынылған жобалар туралы шешім қабылдайды. ЭБЖМ мен мүдделі  
органдар тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру  
кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Кеңестің  
ұ с ы н ы м д а р ы н е с к е р е д і .

3. Тараптар осы Меморандум шеңберінде енгізілген даму мақсатындағы ынтымақтастық бағдарламасы мен жобалық бастамалар халықаралық әдіснама мен стандарттарға сәйкес нәтижеге бағдарланған ұстаным негізінде қалыптастырылып, жүзеге асырылатынына келіседі. Бұл ұстаным бағдарламалық ресурстарды тиімді пайдалануды, есептілік пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін мониторинг пен бағалаудың қажетті тетіктерін қамтиды.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1104 қаулысымен.**

## 2-бап

### Тараптардың міндеттемелері

1 . Э Б Ж М :  
БҰҰДБ-мен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының басқа да салалық мемлекеттік органдарымен ынтымақтастықта бірлескен жобалардың іске асырылуын жалпы үйлестіруді жүзеге асырады;

дамудың ұлттық жоспарларына және БҰҰДБ бағдарламасына сәйкес БҰҰДБ тарапынан Қазақстан үшін техникалық көмек көрсетуге ағымдағы кезеңге арналған қажеттілік пен сұрауларды анықтау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

тиісті министрліктермен, жергілікті әкімшіліктермен, ведомстволармен және басқа да ұйымдармен (бұдан әрі – Ұлттық әріптестер) консультация процесінде БҰҰДБ-мен ынтымақтастық саласын айқындайды және кейіннен Кеңесте талқылау үшін жобалық ұсыныстардың тізімін жасайды;

2 . С І М :  
мыңжылдықтың даму мақсаттарын (МДМ), адам құқықтарын және қоршаған ортаны қорғауды қоса алғанда, БҰҰДБ қызметі бірқатар жағдайларда осындай міндеттемелерге тікелей қатысты болғандықтан, Қазақстанның халықаралық конвенциялар бойынша міндеттемелерін ескере отырып, БҰҰДБ мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Парламенті, Орталық сайлау комиссиясы, Адам құқықтары жөніндегі комиссия және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия сияқты Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және басқа да мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және оны үйлестіреді.

3 . Б Ұ Ұ Д Б :  
ұлттық әріптестен ынтымақтастық туралы сұрау немесе жобалық ұсыныс алған жағдайда, ынтымақтастық туралы осы сұраулар мен ұсыныстарды басым жобалық ұсыныстар тізіміне енгізу туралы ЭБЖМ мен СИМ-ді хабардар етеді және олармен консултация өткізеді;

жобалық ұсыныстарды келісу аяқталған соң Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасарымен, ЭБЖМ және СІМ-мен бірлесіп, Кеңестің кездесуінде шешім қабылдайды және әзірлеу мен іске асыруға арналған басым жобалардың жалпы тізімін жасайды;

Кеңес қабылдаған шешімдерге сәйкес мақұлданған жобаларға қолдау көрсетеді және олардың сапалы түрде іске асырылуын қамтамасыз етеді; қолда бар түрлі көздерден ресурстарды жұмылдырады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1104 қаулысымен.**

### **3-бап**

#### **Іске асыру тетіктері**

1. Үкімет мемлекеттік қоса қаржыландыру мәселелері 1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰДБ арасындағы келісімнің (5-бап) бір бөлігі болып табылатынын мойындайды, ынтымақтастықтың осы схемасын осы Меморандум шеңберіндегі әріптестіктің ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды және аталған схеманы қай жерде пайдалануға болатыны негізделген жағдайларда, оны пайдалануға ықпал етеді.

2. Осы Меморандумда айқындалған ынтымақтастық салаларында нақты іс-шараларды іске асыру мақсатында Тараптар бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыру шеңберінде Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін регламенттейтін қосымша келісімдерге қол қояды, құнын және қаржыландыру көздерін айқындайды. Мемлекеттік қоса қаржыландыру жобаның бюджеттік ресурстарының бір бөлігі болып табылатын жағдайларда, БҰҰДБ жалпы басқару бойынша көрсетілетін қызметтер үшін БҰҰДБ/ЮНФПА Атқарушы кеңесінің 2007/18 нөмірлі шешіміне сәйкес есептеу ставкасын қолданады. Меморандум шеңберінде қол қойылған қосымша келісімдерде Меморандумға сілтеме қамтылады.

3. Үкімет тарапынан қоса қаржыландыруды көздейтін жобаларды жоспарлау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Үкіметтің қаржыландыру және ақшалай қаражатты әкімшілендіру тәртібі Кеңес бекітетін нысан бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен БҰҰДБ қол қоятын жобаларды іске асыру жөніндегі қосымша келісімдерде көрініс табатын БҰҰДБ қағидаларына, нормаларына, стандарттары мен рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады. Мүдделі мемлекеттік органдардың жобаларды жүзеге асыру бойынша есептілігі тоқсан сайынғы негізде бірінші басшы орынбасарының қолымен Қаржыминіне ұсынылады.

4. Осы Меморандум шеңберіндегі барлық іс-шаралар БҰҰДБ мен мемлекеттік органдар арасында қол қойылған жобалық құжаттар негізінде және БҰҰДБ-ның бағдарламалар мен жобаларға қатысты ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

5. Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың өкілі немесе агенті болып табылмайды. Тараптардың ешқайсысы басқа Тарап атынан келісімшарт жасамайды және өзіне

міндеттеме алмайды әрі осы Меморандумда және қоса қаржыландыру туралы қосымша келісімдерде көзделгендей, өзінің меншікті шотынан төлемдердің орындалуына жауапты болады.

6. Тараптардың әрқайсысы осы Меморандумға және оның орындалуына байланысты өзінің іс-қимылы мен жіберген қателіктері үшін жауапты болады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1104 қаулысымен.

#### 4-бап

##### Қызметті жариялау

Тараптар ынтымақтастық туралы уағдаластықтар қалың бұқара үшін жарияланатынын мойындайды және қалың бұқараға арналған ынтымақтастық туралы барлық материалдардағы әрбір Тараптың рөлі мен үлесін таниды. Тараптар ынтымақтастық туралы материалдарда әрбір Тараптың атауы мен логотипін әрбір Тараптың ережесіне сәйкес және Тараптардың жазбаша нысандағы келісімін алғаннан кейін пайдаланады.

#### 5-бап

##### Байланыс және хат алмасу арналары

Осы Меморандумға қажетті немесе онда рұқсат етілген кез келген хабарламалар немесе сұраулар жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Мұндай хабарламалар немесе сұраулар Алушы тараптың қолына берілген, төменде көрсетілген мекенжайға немесе Тараптардың кейінгі хабарламаларында көрсетілген басқа мекенжайға поштамен, курьер немесе телеграф арқылы жіберілген кезде жіберілген немесе алынған деп танылады.

Б Ұ Ұ Д Б                                    ү ш і н :  
Х а о л я н ь                                    Ш у  
Б ө к е й х а н                                    кө ш е с і ,                                    2 6  
А с т а н а ,                                    0 1 0 0 0 0  
Қ а з а қ с т а н  
Т е л :                                    ( 7 - 7 1 7 2 )                                    5 9 1 5 5 0

Факс: (7-7172) 592540

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі үшін:  
0 1 0 0 0 0 ,                                    А с т а н а                                    қ а л а с ы  
Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8, «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты  
Т е л :                                    + 7                                    ( 7 1 7 2 )                                    7 4 2 8 0 9

Факс: +7 (7172) 743148

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі үшін  
0 1 0 0 0 0 ,                                    А с т а н а                                    қ а л а с ы

Қонаев көшесі, 35-ғимарат  
Тел: +7 (7172) 720000

Факс: +7 (7172) 720516

## **6-бап**

### **Басқа уағдаластықтар**

Осы Меморандум мен жобалар шеңберіндегі қоса қаржыландыру немесе ынтымақтастық туралы кез келген қосымша келісімдер және осы Меморандумға қатысты жобалық құжаттар ұлттық дамудың жана кезеңіндегі ынтымақтастыққа қатысты Тараптардың толық өзара түсіністігін құрайды және ынтымақтастық туралы барлық алдыңғы осындай уағдаластықтарды алмастырады. Тараптардың бірінің осы Меморандумның ережелерін орындамауы сол ережелерден бас тартуды немесе оларды Меморандумнан алып тастауды білдірмейді. Осы Меморандумның кез келген ережесінің жарамсыздығы немесе жүзеге асырылмауы Меморандумның қалған ережелерінің жарамдылығына немесе жүзеге асырылуына әсер етпейді.

## **7-бап**

### **Күшіне енуі, қолданылу мерзімі және қолданысын тоқтату, толықтырулар енгізу**

1. Осы Меморандум БҰҰДБ Қазақстан тарапынан оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Меморандум 2014 жылға дейінгі мерзімге жасалады және одан кейін оның қолданылу мерзімі жыл сайын автоматты түрде бір жылға созылады.

2. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

3. Осы Меморандумды кез келген Тарап басқа Тарапты жазбаша хабардар ету арқылы тоқтата алады және оның қолданысы хабарлама алған соң 30 күннен кейін тоқтатылады.

Жобалар шеңберіндегі қоса қаржыландыру немесе ынтымақтастық туралы кез келген қосымша келісімдер және осы Меморандумға қатысты жобалық құжаттар толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

4. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға жеке хаттамалармен рәсімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1104 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы атынан төменде қол қойған, тиісті өкілеттіктер берілген өкілдер әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі, күші бірдей екі данада осы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Ұлттық дамудың жана кезеңіндегі ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға 2009 жылғы 23 қарашада Қазақстан Республикасы Астана қаласында қол қойды.

<i>Қазақстан Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Біріккен бағдарламасы үшін</i>	<i>Ұлттар</i>	<i>Ұйымының</i>	<i>Даму</i>
-----------------------------------	------------------------	---------------------------------------	---------------	-----------------	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК